## Павлодар облысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 наурыз N 337

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Павлодар облысының облыстық бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды жүзеге асыру 2002 жылғы 1 қазанға дейін тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.27. N 838 қаулысымен. P020838_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2002 жылғы 1 қазаннан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 P990528_ қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз ету тәртібінің 6-тармағына сәйкес бюджеттік алулар бойынша пайда болған жете төлемеушілік

толығымен өндіріліп алынғанға дейін Павлодар облысының облыстық бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды жүргізсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.27. N 838 қаулысымен.

P020838_

3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК